

**Әдістемелік кеңес отырысының
Х А Т Т А М А С Ы №1**

Қатысқаны: 8
Қатыспағаны: жоқ

Қыркүйек 2023ж

Күн тәртібінде:

1. Заттық –пәндік дамыту орталықтарын орналастыру және тиімді ұйымдастыру.

ТЫҢДАЛДЫ: Заттық–пәндік дамыту орталықтарын орналастыру және тиімді ұйымдастыру

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Г.Жамалбекова балабақшада заттық кеңістік дамытушы орталықтар немесе кабинеттерде ұйымдастырылуы мүмкіндігін айтты. Орталықтар үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әзірленеді Мысалы:

1. Ұлттық орталықтар.
 2. Демалыс орны
 3. Кітаптар бұрышы
 4. Табиғат және ғылым орталығы.
 5. Зерттеу орталығы
 6. Сюжеттік рольдік ойын орталығына бөліп ұйымдастыруға болады.
- Қабырға мен еденді де пайдалануға болады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: әр топта ұлттық дамытушы орталықтармен кітап бұрыштары ұйымдастырылсын.

ШЕШІМ

1. Әр топта ұлттық дамытушы орталықтармен кітап бұрыштары ұйымдастырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  Г.Жамалбекова

Хатшы:  П.Бекбаева

**Әдістемелік кеңес отырысының
Х А Т Т А М А С Ы № 2**

Қатысқаны: 8

Ақпан-2024ж

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

І ТЫҢДАЛДЫ: Мектепке дейінгі балалардың дамуында сюжеттік-рольдік ойындардың маңызы баяндамашы Жамалбекова Г.

СӨЙЛЕДІ: Сюжеттік-рольдік ойын- мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ең қызықты ойын түрі. Ойында нақты жағдай, кеңістік жоқ. Ойын уақыты ұзақта, қысқада болуы мүмкін. Сюжеттік ойын – баланың интеллектуалды дамуының құралы. Эмоционалды ерік және танымды, сөйлеудің, ұсақ моториканың дамушы құралы. Қиял мен шығармашылық қабілеттерін дамыту тәсілі болып табылады. Тәрбиешінің міндеті- қоршаған ортадан бақылағандарын, балалармен бірге ойын кезінде ролді таңдауға және құрдастарымен бірге ойнауға үйрету. Атрибуттар таңдауға талпыныстарын көтермелеу, жетіспейтін заттарын және ойыншықтарын толықтырып отыру. Ол үшін сюжеттік-рольдік ойындардың перспективалық жоспарын түзу қажет деп сөзін аяқтады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: сюжеттік-рольдік ойындардың перспективалық жоспары түзіліп Әдістемелік бірлестік жоспарына енгізілуге ұсынылсын.


ШЕШІМ

1. Сюжеттік-рольдік ойындардың перспективалық жоспары түзіліп бекітілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

 Г.Жамалбекова

Хатшы:

 П.Бекбауова

Әдістемелік кеңес отырысының
Х А Т Т А М А С Ы № 3

Қатысқаны:8

Сәуір-2024ж

Қатыспағаны:0

Күн тәртібінде:


I ТЫҢДАЛДЫ: Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің тиімділігі.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Г.Жамалбекова Балабақша тәрбиешілерінің бүлдіршіндерге беретін патриоттық тәрбие деңгейі өте жоғары деңгейде болуы керек Себебі дүниетанымы енді қалыптасып келе жатқан балалардың санасына отан сүйгіштік қасиеттердің алғашқы сезімдерін баулуда, туған ауыл ,қаласының сән салтанатын, шежіресін әспеттеудің тиімділігі зор.Сол себепті де тәрбиеші баланың санасына бойына тек тәрбие арқылы ғана Ізгі ниетті, адал жүректі,инабатты,елін жерін қастерлейтін, намысшыл азамат болып қалыптасуына ықпал етуі міндетті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Балабақшадағы әрбір іс- әрекет барысында қазақ халқының салт –дәстүрімен әдет-ғұрыптарын бала бойына сіңдіріп патриоттық тәрбие беру қарқын алсын.

ШЕШІМ

Әдістемелік кеңес төрайымы:



Г.Жамалбекова

Хатшы:



П.Бекбауова